

## Әдебиеттер

1. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК [Электронный ресурс]. - URL: <http://stat.gov.kz>

Макишева Д.Г., 2 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)  
Ғылыми жетекші – э.ғ.м., аға оқытушы Иманбекова А.М.

### ҚАЗАҚСТАНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ АЯСЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің (ЖБИ) 2019 жылғы есебіне сәйкес Қазақстан «Денсаулық және бастапқы білім беру» индикаторы бойынша 137 елдің ішінен 59-орынды иеленді. Осылайша, Қазақстан әлеуметтік секторда көрсеткіштерін: туберкулез жағдайларының санын, АИТВ-мен сырқаттанушылық деңгейін, бала өлімі, өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштерін жақсартты.

Сонымен қатар, 2017 жылмен салыстырғанда 2019 жылы аталмыш аядағы Қазақстан бағдарларының едәуір төмендегенін атап өткен жөн, 2017 жылы 140 елдердің ішінде Қазақстан 42-ші орынды иеленген.

2017 жылғы адами даму индексі бойынша республика даму деңгейі жоғары мемлекеттер тобына кірді және 2016 жылмен салыстырғанда 14-орынға көтеріліп, 187 елдің ішінде 56-орынды иеленді (2015 жылы – 187 елдің ішінен 70-ші орын). Осы тұрғыдан, еліміздегі денсаулық сақтау аясының негізгі көрсеткіштерінің өзгеру қарқыны талданған (1 кесте).

Кесте 1

#### Денсаулық сақтау аясының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2018	2019
Барлық мамандықтағы дәрігерлер саны, мың адам	66,0	68,9	69,7	74,6	72,1
Орта медициналық қызметкерлер саны, мың адам	169,6	160,1	163,9	170,8	175,2
Ауруханалық ұйымдар саны	995	911	901	877	853
Ауруханалар төсегінің саны, мың	107,5	105,2	102,5	100,1	99,5
Ауру балаларға арналған төсек саны, мың	18,3	18,6	18,6	18,4	18,2

Ескерту – кесте [1] дереккөзі алынып, автормен құрылды

Байқап отырсақ, талданып отырған соңғы 5 жыл ішінде барлық мамандықтағы дәрігерлер саны 6100 адамға, орта медициналық қызметкерлер саны 5600 адамға артса, ал ауруханалық ұйымдар саны 142 бірлікке, ауруханалар төсегінің саны 8000 бірлікке қысқарған. Жалпы дәрігерлермен және орта медицина персоналымен жалпы қамтамасыз ету 10 мың тұрғынға есептегенде тұрақты. Осыған қарамастан, жекелеген мамандықтар бойынша дәрігерлерге қажеттілік сақталуда. Өңірлер бөлінісінде кадрлық ресурстардың тең бөлінбеуі байқалады – өңіраралық айырмашылық 3,8 есеге көп.

Денсаулық сақтау аясы көрсеткіштерінің өзгеру қарқынын талдаумен қатар соңғы жылдары Қазақстанда мынадай көрсеткіштерді де талдаған жөн:

1. Республикада халық саны 2018 жылғы 1 қаңтарда 17918,2 мың адамнан 2019 жылғы 1 қаңтарда 18 3955,6 мың адамға дейін ұлғайды.

2. Денсаулық сақтау жүйесі – қызметі азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау субъектілерінің жиынтығы. Денсаулық сақтау жүйесін мемлекеттік басқару – сапалы және жоғары технологиялық мемлекеттік көмек көрсету, сондай-ақ қаржылық және материалдық ресурстарды реттеу мен бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік билік органдарының мақсатты, үздіксіз басқару қызметі.

3. Денсаулық сақтау жүйесін мемлекеттік басқарудағы әдістер - бұл денсаулық сақтаудағы басқару қызметін іс жүзінде жүзеге асырудың тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы. Денсаулық сақтау жүйесін тиімді басқаруды қамтамасыз ету құралдары: стратегиялық; құқықтық; мақсаттарды орнату

және жоспарлау құралдары; қаржыландыру құралдары; тиімділік құралдары. Денсаулық сақтау жүйесін басқаруда институционалдық факторлар маңызды рөл атқарады. Денсаулық сақтау жүйесінің дамуына, қызметінің нәтижелеріне және тиімділігіне әсер ететін факторлардың көптеген жіктемелері бар.

4. Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін басқаруды жетілдіру отандық тәжірибеде дәлелденген дағдыларды қолдану мақсатында шетелдік тәжірибені зерделеуге негізделуі тиіс. Зерттеу барысында АҚШ, Испания, Германия, Ресей тәжірибелері зерттелді. Осы мәселеде денсаулық сақтау жүйесін мемлекеттік басқарудың оңтайлы моделіне ЭЫДҰ-ға мүше елдер ие, олар үшін мемлекеттің рөлін трансформациялаудан, реттеуші функцияларды жергілікті билік органдарына, мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдарға беруден көрінетін мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру тән. Бұл тәсіл бизнес құрылымдарды, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарын, жоғары оқу орындарын және азаматтық қоғамның басқа да институттарын қоса алғанда, нарық субъектілерінің желілік өзара іс-қимылына негізделген.

#### Әдебиеттер

1 «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 634 қаулысы.

2. Цифровизация в медицине: развитие электронного здравоохранения// [https://www.inform.kz/ru/cifrovizaciya-v-medicine-razvitie-elektronnogo-zdravoohraneniya\\_a3477330](https://www.inform.kz/ru/cifrovizaciya-v-medicine-razvitie-elektronnogo-zdravoohraneniya_a3477330)

Манасбаева А.К., 1 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)  
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., профессор Дарибеков С.С.

#### ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерліктің аймақ экономикасын дамуын талдау оң нәтиже көрсетті. Шағын кәсіпкерлік Қазақстан Республикасында аймақ экономикасының қозғаушы күші рөлін атқарады және таяудағы жылдары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тиімді ықпал ете алады.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі көрсеткіштері аймақ экономикасының осы саласы қоғамда өз орнын алғандығын және облыс халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту мен экономика қозғалтқышының негізгі рөлін атқаратындығын көрсетеді.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың рөлін арттыру және оның ұтымды құрылымын қалыптастыру міндеттері жұмсалған қаражаттың тиімділігін бағалауды қажет етеді. Бұл проблема, оның шешімі практикалық маңызы бар, әлі де дамымаған. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың тиімділігін бағалауды қамтитын сұрақтары келесі:

- шағын кәсіпорындардың дамуын сипаттайтын көрсеткіштердің динамикасындағы үрдістерді және олардың қызметінің тиімділігін анықтау;
- барлық деңгейлерде (ЖІӨ және жалпы өңірлік өнім, бюджеттік жүйенің салық түсімі, кәсіпорындардың табысы және т.б.) әлеуметтік-экономикалық тиімділікті алу кезінде мемлекеттік қолдаудың үлесін бағалау (үлес);
- мәміле бойынша шығындар бойынша жинақтарды анықтау;
- шағын бизнесті қолдаудың әлеуметтік салдарын бағалау;
- пайда болған жағымсыз құбылыстарды анықтау және бағалау, оның ішінде қолдаудың төмен деңгейіне байланысты.

2020 жылдың ШК жұмыс істейтіндердің жалпы саны 2903,1 мың адамды құрады, бұл бір жыл ішінде 2,6% жоғарлаған.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыс істейтін халықты аймақтық бөлу біркелкі емес. Алматы қ., Нұр-Сұлтан қ., Түркістан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында адамдардың неғұрлым көп саны ШК жұмыспен қамтылған.

2020 жылдың экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің үлес салмағы келтірілген (сурет).